№ 1948-21-00-2/350

СОТ БҰЙРЫҒЫ

2021 жылғы 26 қазан

Алматы облысы,
Балпық би ауылы

Алматы облысы Көксу аудандық сотының судьясы Г.К. Тынысбекова, өндіріп алушы Сырлыбаева Жибек Сырлыбаевнаның, туған күні 18.07.1976 жылы, ЖСН 760718402589, Алматы облысы, Көксу ауданы, Акшатоган ауылы, Орджоникидзе, көшесі №4 үй тұрғыны, борышкер Бейсекеев Толенды Тулегеновичтен, туған күні 26.06.1977 жылы, ЖСН 770626350415, тіркелген мекен жайы Алматы облысы, Көксу ауданы, Балпык Би ауылы, Қаблиса ақын көшесі, № 56 үй тұрғыны, телефоны 8(705)422-91-34, кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу жөніндегі сот бұйрығын шығару туралы арызын қарап,

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 135 бабы 4 тармағының талаптарына сәйкес, сот бұйрығы, егер әкеліктің белгіленуіне немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне қатысы жоқ, кәмелетке толмаған балалар үшін алиментті өндіріп алу туралы талап мәлімдеген болса, шығарылады.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексінің 139 бабының 1 тармағында анықталғандай, егер алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бір бөлігін; екі балаға үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады.

Алматы облысы статистика Департаментінің хатына сай, 2021 жылдың 1 тоқсанына орташа айлық жалақы 211 033 теңгені құраған.

Алимент өндіру туралы сот бұйрығымен мемлекеттік баж салығы (211 033 тенге х 12 х 50 % х 1%/2) -6 331теңгені құрайды.

Сондықтан, борышкер Т.Т.Бейсекеевтен мемлекет пайдасына 6 331 теңге баж салығы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 134-баптарын, 135-баптың 4) тармақшасын, 140-бабын, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 139-бабын басшылыққа ала отырып, судья

БҰЙЫРАДЫ:

Борышкер Бейсекеев Толенды Тулегеновичтен өндіріл алушы Сырлыбаева Жибек Сырлыбаевнаның пайдасына кәмелетке толмаған балаларға:11 қантар 2013 жылы туылған Төлендіқызы Кәусарды, 22 қантар 2018 жылы туылған Төлендіқызы Зерені және 14 шілде 2020 жылы туылған

Құжатқа қол қойылған: Тынысбекова Г. К., 26.10.2021

Төлендіұлы Батырханды асырап-бағу үшін 2021 жылғы 25 қазан айынан бастап, ай сайын еңбек ақысының және (немесе) өзге де кірістерінің тең жартысымөлшерінде алимент өндірілсін.

Бейсекеев Толенды Тулегеновичтен мемлекет кірісіне 6 331 (алты мың үш жүз отыз бір)теңге сомасында мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстар өндіріп алынсын.

Борышкер мәлімделген талапқа қарсылығын сот бұйрығын шығарған сотқа сот бұйрығының көшірмелерін алған күннен бастап немесе оның шығарылғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жіберуге құқылы.

Өндіріп алу ай сайын 2021 жылғы қазан айының 25-нен бастап балалар кәмелетке толғанға дейін жүзеге асырылсын.

Сот бұйрығы алиментті өндіріп алу бөлігінде дереу орындауға жатады.

Сот бұйрығы атқарушылық құжат күшіне ие.

Судья Г.К.Тынысбекова

Көшірмесі дұрыс:

Судья Г.К.Тынысбекова

Құжатқа қол қойылған: Тынысбекова Г. К., 25.10.2021

948-21-3-1/431